

## **Жануарлардың санын реттеу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы № 480 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 25 желтоқсанда № 16115 болып тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Занының 9-бабы 1-тармағының 61) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жануарлардың санын реттеу қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;
  - 3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;
  - 4) осы бұйрықтың ол ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
  - 5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құқықтық қамтамасыз ету департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министре жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі	А. Мырзахметов
	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы № 480 бұйрығымен бекітілген

### **Жануарлар санын реттеу қағидалары 1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Жануарлар санын реттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Занының 9-бабы 1-тармағының 61) тармақшасына сәйкес әзірленді және жануарлар түрлерінің санын реттеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
  - 1) биологиялық негіздеме – жануарлар дүниесін пайдалануға, жануарлар дүниесі объектілерінің жол берілетін аулау мөлшерін анықтауға, сондай-ақ жануарлар дүниесінің

объектілері мен олардың мекендеу ортасына ықпал етуге қабілетті қызметке арналған ғылыми негізделген қорытынды;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде салаарапық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

## **2-тaraу. Жануарлар түрлерінің санын реттеу тәртібі**

3. Жануарлар түрлерінің санын реттеу:

- 1) халықтың денсаулығын сақтау;
- 2) ауыл шаруашылығы мен үй жануарлары ауруларын болдырмау;
- 3) экономикаға зиян келтіруді болдырмау;
- 4) биологиялық тепе-тендікті сақтау мақсатында жүзеге асырылады.

4. Жануарлар дүниесі түрлерінің санын реттеудің негіздері:

1) халықтың, ауыл шаруашылығы мен үй жануарларының жұқтырушылары жануарлар дүниесінің объектілері болып табылатын ауруларды жұқтыру немесе онымен ауыру қатерінің туындауы;

2) экономикаға елеулі зиян келтіру қатерінің туындауы;

3) жануарлардың жекелеген түрлері санының азаюна және басқа жағымсыз салдарларға әкеп соққан жануарлар дүниесі мекендейтін ортада қалыптасқан табиғи баланстың бұзылуы;

4) балықтардың жаппай қырылуына әкеп соғу мүмкін су айдындарының және (немесе) участеклерінің гидрохимиялық және өзге де режимдерінің бұзылу қаупінің туындауы болып табылады.

5. Жануарлар түрлерінің санын реттеу биологиялық негіздемеге сәйкес өткізіледі.

Биологиялық негіздемені әзірлеуді ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ретінде аккредиттелген тиісті ғылыми үйімдар Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 104-Ф бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9307 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындау қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 258 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6223 болып тіркелген) бекітілген жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлерінің тізбесінде көрсетілген жануарлар түрлерінің саны реттелуге жатады.